

Су тоғандарын әуе көлігінің мұқтажы үшін пайдалану тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 30 желтоқсан N 1491. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Су Кодексін күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 желтоқсандағы N 1483 қаулысымен бекітілген су тоғандары жеке пайдалануға беру тәртібі жөніндегі Нұсқаудың күші су тоғандарын әуе көлігінің мұқтажы үшін пайдалануға қолданылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, меншік нысанына қарамастан, барлық министрліктер, ведомстволар мен заңды ұйымдар үшін міндетті болып табылатын су тоғандарын әуе көлігінің мұқтажы үшін пайдалану Ережесін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитетімен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетімен келіскен соң бекітетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі